

ХАТТАМА № 3

«Қамқоршылық кеңес» отырысы.

Өткен күні: 6.03.2024жыл

6 наурыз 2024 жылы сағат 17:00 де Өскемен қаласы Прибрежная көшесі 81/1 мекен жайы бойынша « Қамқоршылық кеңес» отырысы өтті. Отырысқа 11 адам шақырылды.

Қатысқаны:

1. Курманов Фархат Саканович (комиссия төрағасы)
2. Актасова Райхан Оралбековна (тәрбие ісінің меңгерушісі)
3. Байышова Арман Нурлановна (әлеуметтік педагог)
4. Сопруненко Анастасия Анатольевна (ата – ана)
5. Аченова Салтанат Чакиевна (ата – ана)
6. Калимбекқызы Алия (ата – ана)
7. Каримбек Ермек (ата – ана)
8. Мырзагулов Елдос Маметович (ата – ана)

Хатшы: Сулейменова Фаниса Кужеттулановна

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. Наурыз мерекесі жоспарымен танысу, талдау;
2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысын қарастыру;
3. Салауатты өмір салты, оқушылардың интернаттағы физиологиялық даму жағдайы;
4. Әр түрлі мәселелер;

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес отырысын комиссия төрағасы Курманов Фархат Саканович бастап, қаралатын мәселелер бойынша тоқталып өтті.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша отырысқа келген комиссия мүшелері наурыз айына құрылған жоспармен танысып, толықтай келісті. Көгалдандыру мәселесі бойынша Сопруненко Анастасия Анатольевна көмек көрсететіні жайлы ұсыныс жасады. Курманов Ф.С. тарапынан көмек көрсетіліп, отырғызатын шие, алма ағаштарын беретіні жайлы ұсыныс жасады.

Тыңдалды:

Екінші мәселе тамақтану сапасы бойынша мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Актасова Райхан Оралбековна есеп беріп, қорытындылап шықты. Тамақтану сапасын тексеру комиссиясының мүшесі болған Сопруненко А.А. мектеп асханасының тамағы жайлы өз пікірін білдірді.

Комиссия төрағасы Курманов Ф.С. атынан тамақтану мониторингі бойынша комиссия мүшелерін қайта қарастырып, ауыстырылуын ұсынды.

Тындалды:

Үшінші мәселе бойынша оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып қайтқаны жайлы есеп берілді. Мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Актасова Райхан Оралбековна 4 тоқсанда 2022 – 2023 оқу жылдарында қалалық және мектеп - интернаты бойынша болған үйірме жұмыстарын қайтадан жанарту жоспарда бар екенін хабардар етті.

Әр түрлі мәселелер бойынша әлеуметтік жағдайы төмен, жалғыз басты ана, көп балалы отбасы, мүгедектігі бар баласы бар отбасыларына көмек көрсету жайлы мәселелер көтерілді.

Шешім:

1. Мектеп алдын көгалдандыру жұмыстары сыныптарға бөлініп берілсін.
2. Тамақтану сапасының комиссия мүшелері қайта қаралсын.
3. Үйірме жұмыстары қайта жаңартылсын.
4. Алдағы уақытта көмек көрсету үшін әлеуметтік жағдайы төмен, жалғыз басты ана, көп балалы отбасы, мүгедектігі бар баласы бар отбасыларының тізімі жасалынсын

Қамқоршылық кеңес отырысының төрағасы:

Курманов Ф.С.

Хатшы:

Сулейменова Ф.К.